**Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасы**

**Қатысқандар-11** **8. 12.2022 жыл**

Лицей директоры Б.Омаров

«Білім-инновация» ХҚҚ тарапынан директордың қоғамжық іс шаралар жөніндегі орынбасары М. Ахатов

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Акильжанова

Қамқоршылық кеңес мүшелері (8 адам)

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебі
2. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Н.Нұрмағамбетов. «Қамқоршылық кеңесі» құрамын ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік Ережелерінің» негізінде мектепте көрсетілген жұмыс өз деңгейінде атқарылды. Еліміздің болашағы – балалар демекші, соның ішінде дарынды ұрпақ - ел ертеңі, оларды қолдау біздің міндетіміз. Осындай іс – шараға ат салысқан ізгі жандарымыздың игі істері, қамқорлығы жалғасын табатынына сенімдіміз.

Күн тәртібіндегі мәселеде директор орынбасары А.Дузимова оқу-тәрбие жұмыстарының есебін берді. 2022-2023 оқу жылының алғашқы жарты жылдығында оқушылар 5 білім сайысына қатысып, 26 оқушы жүлделі орындарды иеленгенін айтты. Кеңеске қатысушыларға байқауларға қатысушылар мен жүлдегелер туралы мәлімет көрсетілген қағаз таратылды.

Тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүріп жатқандығын, жоспарлан тыс ата-аналардың ұйымдастыруымен іс-шаралар өтетіндігін айтты.

Лицей әкімшілігінің есебіне кеңес мүшелері жақсы баға беріп, лицейді дамуына өз үлестерін қосатындықтарын, қолдау көрсететіндікерін айтты.

Ағымдағы мәселеде кеңес мүшелерінің лицейдің оқу-тәрбие жоспарына қосатын ұсыныс-тілектері сұралды. Кеңес мүшелері лицейдің оқу-тәрбие жұмыстарына көңілі толатындарын айтты.

**Шешім:**

1. «Қамқоршылық кеңесі» жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Демеушілер тарапынан көмектер өз деңгейінде жүргізілсін.

**Хатшы** **Акильжанова А.**

**Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы**

**Қатысқандар-12** **14. 03.2023 жыл**

Лицей директоры Б.Омаров

«Білім-инновация» ХҚҚ тарапынан директордың қоғамжық іс шаралар жөніндегі орынбасары М. Ахатов

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дузимова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Акильжанова

Қамқоршылық кеңес мүшелері (12 адам)

**Күн тәртібінде:**

1. «Жарқын болашақ үшін» есебін беру
2. Жаңа оқу жылына арналған мектеп формасы үлгісін анықтау.
3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды**

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – А.Дузимова 2022-2023 оқу жылындағы білім сапасымен, оқушылардың жетістіктерімен слайд арқылы бөлісіп, есептерді қағазға шығарып таратты.
2. Бас есепші – Қ.Өте «Жарқын болашақ үшін» фондының бір жылдық есебін берді.

   Ағымдағы оқу жылында мектеп формасын тіктіруде орын алған келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында, мәселені қайта қаралды, жаңа үлгі ұсынылды

   Б.Турметов – кеңес мүшесі – осы жылы формаларды 3-тоқсанға дейін тікті, тіпті өлшемдері де келмей сапасы да көңіл толарлық болмады. Осылай болатын болса келесі мұндай формаға қарсымыз- деп өз пікірін білдірді.

   Н.Нұрмағамбетов-кеңес төрағасы – Дұрыс айтасыздар. Алайда осындай үлгіде форма кимей костюм-шалбар сатып алатын болсақ, балаларымызға күні бойы оны киіп жүрі қолайсыз болады. Сондықтан осы жылға ұсынып тұрған «Білім-инновация» формасының сапасы өте жақсы екен және бағасы да осы жылғымен салыстырғанда көңілге қонымды. Сондықтан дауысқа салып дұрыс шешім қабылдауға шықырамын.

**Шешім:**

1. Лицей есепшісінің есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Келесі оқу жылында біріңғай «Білім-инновация» формасына тапсырыс берілсін.

**Қамқоршылық кеңесі отырысының төрағасы Н.Нұрмағамбетов.**

**Хатшы А.Акильжанова.**

**Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы**

**Қатысқандар-12** **06.06.2023 жыл**

Лицей директоры Б.Омаров

«Білім-инновация» ХҚҚ тарапынан директордың қоғамжық іс шаралар жөніндегі орынбасары М. Ахатов

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дузимова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Акильжанова

Қамқоршылық кеңес мүшелері (12 адам)

**Күн тәртібінде:**

1. «Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің атқарған жұмысының есебі

**Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Н.Нұрмағамбетов. «Қамқоршылық кеңесі» құрамын ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік Ережелерінің» негізінде мектепте көрсетілген қайырымдылық көмектің ұйымдастырылып, жұмыс өз деңгейінде атқарылды. « Ұлым дейтін елім болмаса , елім дейтін ұл қайдан шықсын » - деген екен А. Байтұрсынов . Осындай іс – шараға ат салысқан ізгі жандарымыздың игі істері, қамқорлығы жалғасын табатынына сенімдіміз . Көмек қолын созған кісілерге алғысимыз шексіз. Еңбекте істері өрге бассын демекпіз!

2. М.Жакупова. – қамқоршылық кеңес мүшесі: 2022-2023 жылында атқарылған іс-шаралар өте көп болды. Барлығында дерлік ата-аналарымыз белсенді ат салысты. Батыс аймақтық Брейн рейн, әкелер волейбол турнирерінде келген қонақтарды қонақжайлықпен қарсы ала білді. Наурыз мерекесін тойлауға барлық сыныптың ата-аналары ерекше дайындықпен келіп, ауыз біршілік танытты. Барлықтарыңызға алғыс айтамын. Лицейіміздің аты асқақтай берсін.

Е.Сисенбай – кеңес мүшесі. – дұрыс айтасыз. Барлығы жоғарғы деңгейде ұйымдастырылылды, барлығы сіздердің жұмыла көтерген жүк жеңіл деген

ұрандарыңыздың арқасы. Әрдайым балаларымыз да, ата-аналарымыз да биіктен көріне берсін.

**Қамқоршылық кеңесі отырысының төрағасы Н.Нұрмағамбетов.**
**Хатшы А.Акильжанова.**